

## СЕРІКТЕСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

«18» шілде 2024 ж.

«Cultural Legacy Fund» Мәдениет және Креативті индустрия колдау Қоғамдық қоры атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, бір жағынан Президент Эльбрус Имамбаев (әрі қарай – Қор) және «TORUS.KZ» ЖШС атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, екінші жағынан Директор Назбек Жүсіпқали (әрі қарай – Серіктес), бұдан әрі «Тараптар» деп аталып,

зандылық, теңдік, еріктілік және жариялылық қағидаттарын сақтай отырып,

Қазақстан Республикасында мәдениет пен креативті индустрияны дамыту мәселелері бойынша Тараптар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға ниет білдіре отырып,

Тараптар арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге және жетілдіруге маңызды мән бере отырып,

Тараптардың функцияларын, өкілеттіктерін, құзыреттерін және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын назарға ала отырып, мыналар туралы келісті:

### 1 Бап. Серіктестіктің мақсаты

1.1. Осы Меморандумды орындау мақсатында Тараптар өзара ынтымақтастықтың мынадай бағыттарын айқындайды:

1) мемлекетішілік және мемлекетаралық мәдени алмасу негізінде креативті индустрия, өнер, шығармашылық, мәдениеттің түрлі саласын дамытудың бірыңғай экожүйесін құру есебінен, заманауи әлемнің талаптарына жауап беретін креативті қоғам қалыптастыру үшін Қазақстан халқының мәдени мұрасын жан-жақты дамыту;

2) қазақстандықтарды ұлттық және әлемдік мәдениеттің, шығармашылық пен өнердің үздік жетістіктеріне баулу;

3) қоғамның мәдени сауаттылығын арттыруға, мәдени құндылықтар мен тарих ескерткіштерін сақтауға және қорғауға, креативті салаларды дамытуға, шығармашылық пен инновацияларды қолдауға бағытталған мәдениет және өнер саласында немесе өзге де сабақтас салаларда қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен шығармашылық ұжымдарды дамытуға жәрдемдесу;

4) әлемдік мәдениетті дамытуға үлес қосатын және ол үшін қолайлы жағдайлар жасайтын ел ретінде Қазақстанның имиджін ілгерілетуге бағытталған жекелеген өңірлерде де, тұтастай алғанда Қазақстан бойынша және басқа да елдерде мәдени, спорттық және өзге де мәдени-бұқаралық жобаларды, оқиғалар мен іс-шараларды бастамалауға, жоспарлауға, ілгерілетуге және іске асыруға жәрдемдесу;

5) дарынды қазақстандықтарды іздеу және оларды оқытуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу, сондай-ақ Қазақстанда және әлемде олардың өнері мен жетістіктерін ілгерілету;

6) Қазақстанда креативті шығармашылық пен креативті индустрияны дамытуға бағытталған жобалар мен бастамаларға бастамашылық жасауға, жоспарлауға және іске асыруға жәрдемдесу;

7) мәдениетті және креативті индустрияны дамыту шеңберінде жобаларды іске асыруға мүдделі кәсіпкерлермен және өзге де ресурс иелерімен жұмыс жасау арқылы Қазақстанда меценаттық институтты жан-жақты дамыту.

## **2-бап. Меморандумның мәні**

2.1. Осы Меморандумның мәні серіктестік қатынастарды орнату және серіктестіктің осы салаларындағы жобаларды іске асыруға бағытталған Тараптар арасындағы ұзақ мерзімді, нәтижелі және өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

2.2. Тараптар жалпы қабылданған тәжірибеге негізделген теңдік, ізгі ниет, құрмет және сенім негізінде ынтымақтасуға ниетті.

2.3. Осы Меморандумды іске асыру процесінде тараптар өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

## **3-бап. Ынтымақтастық нысандары**

3.1. Тараптардың қызметін дамытуға кедергі келтіретін мәселелерді талдау және тиісті басқару шешімдерін әзірлеу үшін ақпарат алмасу.

3.2. Бірлескен жобаларды бастау және іске асыру, оның ішінде сыртқы қаржыландыру көздерін және/немесе демеушілік қаражатты тарту арқылы.

3.3. Жобаларды іске асыру кезінде өзара ақылы консультациялық және/немесе әдістемелік көмек көрсету, оның ішінде жекелеген шарттар (келісімшарттар) негізінде үшінші тұлғалардың (консалтингтік компаниялар, консультанттар, сарапшылар және т.б.) қызметтерін тарту.

## **4-бап. Ынтымақтастықты ұйымдастыру**

4.1. Осы Меморандумды іске асыру бойынша өзара іс-қимылды үйлестіру үшін тараптар өз өкілдерін анықтайды.

4.2. Ынтымақтастықтың жекелеген бағыттарын (жұмыстарды, жобаларды) жүзеге асыру үшін тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жекелеген шарттар (келісімшарттар) жасасуға мүмкіндік алады.

4.3. Тараптар өзара келісім және жазбаша келісім бойынша осы Меморандумға осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

4.4. Тараптар осы Меморандум бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауда бір-біріне барынша көмек көрсетуге ұмтылатын болады.

#### 4.5. Тараптар келісті:

4.5.1. Осы Меморандумды орындау үшін жасалған жекелеген шарттарда (келісімдерде) көзделген тәртіппен және тәсілдермен бірлескен не жекелеген жұмыстарды (жобалар мен бағдарламаларды) орындауға жәрдемдесу;

4.5.2. Осы Меморандумның нысанасына жататын кез келген құпия ақпаратты (толық немесе жартылай) жария етудің алдын алу жөнінде шаралар қабылдау.

4.6. Егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмесе, Тараптар осы Меморандумды орындауға байланысты барлық шығыстарды дербес көтереді.

### 5-бап. Келіспеушіліктерді шешу

5.1. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешетін болады.

### 6-бап. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Меморандум оған тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың өзара келісімі бойынша немесе Тараптардың бірінің қалауы бойынша бұзылған сәтке дейін екінші Тарапты кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын алдын ала хабардар ете отырып белгіленбеген мерзім ішінде, қолданылады.

6.2. Меморандумның қолданылуын тоқтату оны іске асыру мақсатында Тараптар жасасқан шарттарды (келісімдерді) бұзу үшін негіз болып табылмайды.

6.3. Осы Меморандумның ережелерін іске асыру Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа шарттардан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

6.4. Осы Меморандум Тараптардың ешқандай қаржылық және құқықтық міндеттемелерін білдірмейді және көздемейді.

6.3. Меморандумның мәтіні қазақ тілінде 2 (екі) данада, әр тарап үшін 1 (бір) данадан жасалды.

6.4. Меморандумға қол қойылды «18» сәуір 2024 жыл.

Тараптар:

Мәдениет және шығармашылық  
индустрияны қолдау қоғамдық  
қоры «Cultural Legacy Fund»

«TORUS.KZ» ЖШС

Президент:



Э.Имамбаев

Директор:



Н. Жүсіпқали